

**ХИМИЯ, БИОЛОГИЯ, ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ
ЭКОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ХИМИИ, БИОЛОГИИ,
ГЕОГРАФИИ И ЭКОЛОГИИ
METHODS OF TEACHING CHEMISTRY, BIOLOGY,
GEOGRAPHY AND ECOLOGY**

FTAMP: 14.25.09

<https://doi.org/10.51889/3005-6217.2024.79.1.001>

Е.Ерболат^{1}, Г.Е. Бердыгулова¹, Қ.Сарқытқан²*

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет,
Алматы қ., Қазақстан*

*²Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты,
Алматы қ., Қазақстан*

**ГЕОГРАФИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ
ОНЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІНІҢ РӨЛІ**

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі уақыттағы география ғылымының дамуының бағыттарын қарастырып, сонымен қатар география пәнінің ЖОО- мен қатар орта білім беру ұйымдарындағы оқытудың әртүрлі тәсілдернің маңызы мен оның рөлінің артуына сипаттама беріледі. Қазіргі география – бізді қоршаған табиғи орта, халықтың географиясы, шаруашылық пен ауыл шаруашылығы салаларының географиясы, табиғи ресурстарды пайдалану географиясы туралы білім мен түсініктер тоғысатын әртүрлі ғылымдар мен салалардың күрделі кешен екеніне түсіндірме жұмыстары жасалынды. Сонымен бірге, география ғылымында және оның ішінде оқыту бағытында ғаламдық және аймақтық жағдайларына талдау жұмыстары жүргізілді. Бұл ретте Қытай еліндегі география ғылымының дамуы және оның білім берудегі жаңа орны туралы зерттеу және талдау жұмыстары қарастырылды. Сонымен қатар, география пәнін оқытуда жасалынатын әдістемелерде ең бірінші маңызды міндеттеріне аса мән беріп талқылау жасалынды. Зерттеу, талдау жұмыстары бойынша география ғылымының дамуы мен оны оқытудағы тиімді жасалған әдіс-тәсілдердегі ақпаратқа қол жеткізе алдық, оның ішінде география ғылымының дамуын әртүрлі шетелдік ғалымдардың еңбегі мен қазақ еліндегі білікті, білімді ғалымдар мен профессор ұстаздардың ұсынысынан екі жақты қарастырылды. Жаһандық білім беруде – жаһандық түсінікті дамыту үшін географиялық білім берудің негізгі мақсаттары қарастырылды. Себебі қазіргі әлемнің дамуымен қатар ғылым салаларында даму үстінде екені бәрімізге айқын көрінді. Сонымен қатар қазіргі география пәнінде мұғалімінің ғылыми-педагогикалық және әдістемелік дайындығында оқу-әдістемелік құралдарды жеткілікті білу маңызды екеніне де тоқтала кеттік. Осы бағытта белгілі бір елдің дамуы үшін әрине ең бірінші білім беру бағытына аса қатты мән берілері анық. Нақтырақ айтар болсақ біз бұл мақалада география ғылымының дамуы мен оның сапалы білім берудегі рөліне тоқталып отырмыз.

Мақаланың өзектілігі Қазақстан Республикасындағы география ғылымының дамуы мен білім беруде география пәніндегі түрлі әдістемелік құралдардың рөлі мен оның оқытудағы маңыздылығында болып отыр.

Мақалада география ғылымының дамуы мен география оқулықтарына арналып жасалған әдістемелік құралдардың рөлі мен маңыздылығына зерттеу және талқылау жұмыстары жасалынды.

Түйін сөздер: география пәні, әдістеме, жаһандану, география ғылымының дамуы.

Ерболат Е. ^{*1}, Бердыгулова Г.Е. ¹, Саркыткан К. ²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

²Институт Востоковедения имени Р.Б. Сулейменова,
г. Алматы, Казахстан

СОВРЕМЕННЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ГЕОГРАФИИ И РОЛЬ ЭФФЕКТИВНЫХ МЕТОДОВ ЕЕ ПРЕПОДАВАНИЯ

Аннотация

В данной статье рассматриваются направления развития географической науки в настоящее время, а также описывается значение различных методов преподавания географии и ее роль в высших учебных заведениях, а также организациях среднего образования. Было разъяснено, что современная география представляет собой сложный комплекс различных наук и областей, где встречаются знание и понимание окружающей нас природной среды, география народа, география экономики и сельского хозяйства, география использования природных ресурсов. Одновременно проводился анализ глобальных и региональных условий в области географии и ее преподавания. При этом была рассмотрена исследовательская и аналитическая работа о развитии географической науки в Китайской стране и ее новом месте в образовании. При этом обсуждались важнейшие задачи методов, используемых в преподавании географии. Благодаря исследованиям и анализу мы смогли получить доступ к информации о развитии науки географии и эффективных методах ее преподавания, в том числе о развитии науки географии на основе работ различных зарубежных ученых и предложений квалифицированных, образованных ученых и профессоров в казахской стране. В глобальном образовании - были рассмотрены основные цели географического образования по развитию глобального понимания. Потому что всем нам было ясно, что вместе с развитием современного мира происходит развитие и в сферах науки. В то же время мы отметили, что важно иметь достаточные знания учебно-методического инструментария научно-педагогической и методической подготовки учителя по предмету «Современная география». В этом направлении для развития определенной страны очевидно, что образование является первоочередной задачей. Если быть более конкретным, то в этой статье мы концентрируемся на развитии географической науки и ее роли в качественном образовании.

Актуальность статьи заключается в развитии географической науки в Республике Казахстан и роли различного методического инструментария в предмете географии и ее значении в образовании.

В статье проведены данные исследования и дискуссии о роли и значении методического инструментария, созданного для развития географической науки и учебников по географии.

Ключевые слова: предмет географии, методология, глобализация, развитие географической науки.

*Erbolat E. ^{*1}, Berdygulova G. ¹, Sarkytkan K. ²*

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

CURRENT DIRECTIONS OF DEVELOPMENT OF GEOGRAPHY AND THE ROLE OF EFFECTIVE APPROACHES TO ITS TEACHING

Abstract

This article examines the directions of development of geographical science at the present time, and also describes the importance of various methods of teaching geography and its role in higher educational institutions, as well as secondary education organizations. It was explained that modern geography is a complex complex of various sciences and areas where knowledge and understanding

of the natural environment around us, the geography of people, the geography of economics and agriculture, and the geography of the use of natural resources meet. At the same time, an analysis of global and regional conditions in the field of geography and its teaching was carried out. At the same time, research and analytical work on the development of geographical science in the Chinese country and its new place in education was reviewed. At the same time, the most important tasks of the methods used in teaching geography were discussed. Through research and analysis, we were able to gain access to information about the development of the science of geography and effective methods of teaching it, including the development of the science of geography based on the works of various foreign scientists and the proposals of qualified, educated scientists and professors in the Kazakh country. In global education - the main goals of geographical education to develop global understanding were considered. Because it was clear to all of us that along with the development of the modern world, development was also taking place in the fields of science. At the same time, we noted that it is important to have sufficient knowledge of the educational and methodological tools for scientific, pedagogical and methodological teacher training in the subject "Modern Geography". In this direction for the development of a certain country, it is obvious that education is the first priority. To be more specific, in this article we focus on the development of geographical science and its role in quality education.

The relevance of the article lies in the development of geographical science in the Republic of Kazakhstan and the role of various methodological tools in the subject of geography and its importance in education.

In the scientific and methodological section of the article: a study and discussion was conducted on the role and significance of the methodological tools created for the development of geographical science and geography textbooks.

Expected results of the article: The directions of development of geographical science are determined, as well as the features, role and importance of methodological support created for geography textbooks.

Keywords: the subject of Geography, methodology, globalization, the development of Geographical Science.

Негізгі ережелер: «Географияның қазіргі даму бағыттары және оны оқытудың тиімді тәсілдерінің рөлі» тақырыбындағы мақаланың негізгі ойы география ғылымы қоғам үшін қаншалықты маңызды, білім беру процесінде география пәні қалай оқытылуда және қандай әдіс-тәсілдер қолданылуда, білім беру процесінде география пәнінің жеткен нәтижесі қандай екендігінде. Зерттеу, талдау, салыстыру, аналитикалық есеп әдіс-тәсілдері арқылы біршама мәселелер табылды және олардың шешімін табу үшін ұсыныстар қарастырылды.

Кіріспе. География ғылымы – білім беру саласындағы ең қызықты пәндердің бірі және ол үнемі шекарасын кеңейтіп даму үстінде. Бұл мақалада біз өмір сүріп жатқан әлемді түсінуге елеулі үлес қосатын география ғылымының дамуын қарастырамыз. География ғылымының жалпы үздік деп танылатын салалары бар оларға: климатты зерттеу, биоәртүрлілікті зерттеу, мемлекеттің геосаясаты мен географиясы, геоақпараттық технологиялар және тарихи география деп аталатын салаларды алға тартады [1]. ХХІ ғасырдағы уақыт аралығында ұлттық қақтығыстар мен терроризмнің өсуі, ғылымның дамуына индустриялық қоғамның дағдарыстық жағдайлары әсер етті және жаңа тенденциялар дамуына жол ашылды, экономикалық және саяси ойлаудың жаһандануы, ұлттық және халықаралық деңгейде жаһандық және аймақтық кешенді үйлесімінің даму сияқты көптеген бағыттар ғылымның дамуына әкеліп соқты [2]. География ғылымында оның ішінде оқыту бағытында ғаламдық және аймақтық тәсілдер әлдеқашан көрініп, оның шекарасынан әлдеқайда асып кетті деуге болады. Бұл ұғымдарды экономистер, саясаткерлер, саясаттанушылар, экологтар,

публицистер арасында көптеп талқыланып келеді. Бұл ретте мен Қытай еліндегі география ғылымының дамуы және оның білім берудегі жаңа орны туралы айтсам болады [3].

Қытайдағы жоғары оқу орындарында географияның дамуында төрт өзара байланыс анықталған болатын. Біріншіден, жоғары оқу орындарында географияның дамуы әлеуметтік және саяси өзгерістермен тығыз байланысты болды. Екіншіден жоғары оқу орындарында география қарқынды дамып, оның таралуына әсер етті. Үшіншіден, география кафедралары жоғары оқу орнының түріне қарай екі санатқа бөлінді, яғни білім беретін ЖОО-да оқу жоспарларында және профессорлық-оқытушылық құрамда айырмашылықтар тудырды. Төртіншіден, отандық және шетелдік жоғары оқу орындарында оқытушылар даярланып, білікті ғылыми кадрлардың өсуіне Батыс университеттері айқын үлес қосты. Бұл ретте білікті профессорлық-оқытушылық кадрлар даярланатын Қытай университеттерінің ішкі және сыртқы аспектілерде орталықтандырылды. Міне география ғылымының дамуы барысында бір үлкен мемлекеттің ішкі білім бағытында қаншалықты өзгеріс әкелгенін осыдан ақ білуге болады [4].

Бұл мақаланың да өзектілігі осы бағыт бойынша, яғни қазіргі уақытта география ғылымының даму бағытында және география пәнін оқытуда түрлі әдістемелер жарық көруде бірақ оның ішінде кім нені пайдаланып жатқаны белгісіз, сол үшінде біз осы оқыту әдістемелернің білім берудегі рөлі мен маңызын және оқыту процесінде қаншалық жетістікке жеткізетінін қарастырамыз.

Зерттеу материалдары және әдістері. Мақаланың зерттеу барысы, қазіргі уақыттағы география ғылымының дамуы бағыты мен білім беруде қолданылатын географиялық әдістемелік құралдар мен әдіс-тәсілдердің маңыздылығын, зерттеулер мен анализдік талдау жүргізу арқылы анықтау, сонымен бірге білім беруде география пәнінің қазіргі мақсатын анықтау және қандай нәтижелерге қол жеткізе алуы мүмкін екеніне болжам жасау болатын. Зерттеу барысында біз ғылымның жалпыға ортақ мәліметтерді талдау, синтездеу, мета-талдау, жалпылау әдістерін қолдандық.

Зерттеу, талдау жұмыстары география ғылымының дамуы мен оны оқытудағы тиімді жасалған әдістемелік құралдар мен әдіс-тәсілдер бойынша біршама ақпаратқа қол жеткізе алдық, оның ішінде бір қатар оқыту әдістемелік құралдарына зерттеу жұмысы жасалды: Ю.А. Ивановтың «Географияны оқыту әдістемесі», В.А. Червяковтың «Географиядағы сандық әдістер», Ә.С. Ақашева, К.Ж. Дүйсебаеваның «Географияны оқыту әдістемесі» оқу-әдістемелік құралдарын зерттей отырып, олардың оқыту сапасын басты назарға қойып және біршама жақсы нәтижеге жету жолын да нақтылап, айқын көрсеткен.

Нақтырақ айтар болсақ, дүниежүзі елдерінде қазіргі кезде оқыту сапасын арттыруда көптеген әдіс-тәсілдерді қолдану үстінде. Тек география саласында ғана емес, әртүрлі ғылым салаларында қолданылатыны анық. Бірақ әлем елдерінің барлығының ең бірінші көңіл аударатыны, әрине, ол білім беруде оқыту сапасын жақсарту жолдары болып табылады [5]. Қазіргі уақытта біздің еліміздің өзінде бұл күрделі, бас ауыртатын мәселенің бірі. Елімізде география саласындағы ғалым, профессор, оқытушы болсын оқыту сапасын арттыруда оның жолдарын жеңілдету үшін тиімді әдіс – тәсілдерді қолдану арқылы оқыту жағын қарастырып отыр. Оған дәлел, география пәні бойынша түрлі оқытудың әдістемелерінің шығуы және оқытудағы оқулықтардың жаңаруын жатқыза аламыз.

Сонымен қатар, география ғылымының дамуын әртүрлі шетелдік ғалымдардың еңбегі мен қазақ еліндегі білікті, білімді ғалымдар мен профессор-ұстаздардың ұсынысынан біз екі жақты қарастыруға болатынын анықтадық:

1. Білім берудің жүйесіне, педагогикалық теориясына
2. География ғылымдарының ерекшеліктері арқылы дамуы [6].

Қазіргі географиялық білім әлемдік білім берудің бір бөлігі болып табылады. Климат, биоәртүрліліктің өзгеруі, саяси, мәдениет, қоғам және діни қақтығыстар, экологиялық және демографиялық дағдарыстар және т.б. география ғылымындағы зерттеу мәселелері бүгінгі күнгі дүниенің маңызды белгісі болып табылады. Жаһандық географиялық білім болашақ ұрпақты Жер планетасын сақтау мақсатында жаһандық өзара түсіністік жағдайында өмір сүруге үйретуге арналған. Сонымен бірге, әлем елдерінің географиялық білім беру жүйесінде жаһандық өзара түсіністікті қалыптастыруда [7]. Қазіргі жаһандық өзара түсіністік үшін географиялық білім тек белгілі бір географиялық білім жүйесі ретінде емес, жаһандық мәселелерге танымдық қызығушылықты ынталандыру құралы ретінде қарастырылуы керек. Басқаша айтқанда, географиялық білім берудің міндеті - жер кеңістігін ұйымдастырудың заңдылықтарын білуге үйрету ғана емес, сонымен қатар жергілікті және ғаламдық кеңістіктік өзара әрекеттесуді сыни тұрғыдан бағалауды үйрену деп те айтсақ болады. Сонымен қатар, география пәнін оқытуда жасалынатын әдістемелерде ең бірінші маңызды міндеттеріне аса мән беріледі.

Географияны оқытудың әдістемесін негізге алып, маңызды міндеттеріне көз жүгіртсек:

1. Табиғат туралы жаратылыстану және қоршаған ортаны қорғау білімдерін дұрыс пайдалану және осы білімдерді құру әдістерін әзірлеу.

2. Теориялық және әдістемелік мәселелердің дамуы (ғылыми жүйедегі педагогиканың жағдайы және оның практикамен байланысы).

3. Құқықтық даму жолдарын зерттеу, зерттеу әдістерін қолдану, әдістемелік зерттеулердің тиімділігін арттыру шарттарын қарастыру және ғылыми білімді зерттеу және салыстыру секілді маңызды міндеттерді ескеріп және әдістемелік құралды қарастыра отырып әдістеменің мәселелеріне көңіл бөлінеді.

География пәнін оқыту әдістемесінің мәселелері:

1. Неліктен географияны білім берудің бірінші мақсаты ретінде оқыту керек?

2. Мектептегі география сабағының мазмұны қандай, яғни нені оқыту керек?

3. Оқыту әдістері, яғни қалай оқыту керек?

4. Географияны оқытуда қандай құралдар бар, яғни немен оқыту керек?

Міне осы міндеттер мен мәселелерді қарастыра отырып қазіргі уақытта заман талабына сай әртүрлі ақпараттық технологияларды қолдану немесе заманауи жаңа идеяларды қамту арқылы елімізде әртүрлі әдістемелік құралдар жарық көру үстінде.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта білім беруде география пәнінде түрлі даму бағыттары ашылуда, яғни географияны оқытуда білім алушыларды қызықтыру, оқытуда түсінікті бағытта жеткізе білу, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып оқыту сияқты түрлі жақтары қалыптасуда және мынадай бағыттары «Жаһандық білім беру» қалыптасуы мүмкін деген де болжам бар [8].

Нәтижелер және талқылаулар. Жаһандық білім беру – жаһандық мәселелерді шешуге және болашақ ұрпақ үшін Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге көмектесетін ЮНЕСКО-ның негізгі бастамаларының бірі. Жаһандану жағдайындағы жаһандық түсінік ұлттық білім беру жүйесінің адамгершілік құндылықтарының негізгі факторы болып табылады және қазіргі өркениеттің басты құндылықтарын білдіреді. ХХІ ғасырда адамзаттың әлеуметтік-экономикалық дамуымен қатар, ел қоғамының барлық мүшелерінің тең білім алу құқықтарын қамтамасыз ету, тез өзгеріп жатқан әлемде әлеуметтену перспективасын жүзеге асыру жөніндегі күш-жігерді жалғастыру қажет [9].

Жаһандық түсінікті дамыту үшін географиялық білім берудің негізгі мақсаттары 1 -ші суретте берілген.



Сурет -1. Жаһандық түсінікті дамыту үшін географиялық білім берудің негізгі мақсаттары

Сонымен қатар, білім беруде мұғалімдер арасында бір қатар қиындықтарда бар, яғни қазіргі уақытта біздің география мұғалімдерінің жұмыс тәжірибесінде мұғалімдердің заманауи оқыту құралдарын пайдалана отырып, оқыту әдістемелерін қолдана алмауындағы мәселелер [11]. Осы мәселелерді тақылай отырып, ең алдымен әдістеме дегеніміз не екендігіне тоқтала кетейік.

Ең бірінші, әдістеме сөзінің мағынасын талдайтын болсақ – бұл оқу бағдарламасының мазмұнын, оқыту әдістерін, оқу жұмысына қажетті құралдар мен жабдықтарды анықтау және қарастыру. Географияны не үшін үйренуіміз керек, оны қалай меңгеру керек деген сұрақтарға жауап береді деуге болады [12].

Әдістеме білім беру ғылымы болғандықтан, ол жалпы білім беру мен оқытудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес құрылады. Географияны оқыту әдістемесінің негізгі курстары физикалық география мен экономикалық географияға байланысты пәндер: геология, экономика, демография және т.б. бірнеше ғылымдар жатады.

Ал енді география пәнін оқытудың мынадай принциптері бар:

1. Нақты объектілерді, екінші карталарды және картографиялық білімді пайдаланады.
2. Сабақ барысында қолөнер мен бейнелеу өнерін қолданады.
3. Теориялық білімді дұрыс оқыту үшін жақсы жабдықталған география кабинетін пайдаланады.

Мұның себебі, мектептегі география пәні жастарға қазіргі заман талабына сай өндірістің ғылыми-техникалық және экономикалық негіздерін тереңдету арқылы білім беруінде. Оның негізі теориялық білімді практикалық дағдылармен байланыстыруында және нәтижесінде студенттерге физикалық, экономикалық және экологиялық салалардан жеткілікті білім береді алады [13].

Бүгінгі таңда дүниежүзі елдерінің басым көпшілігінде оқушылардың оқу жетістіктерін жүйелі түрде ұлттық бағалау жүргізіледі, себебі білім сапасы туралы дәйекті және сенімді ұлттық деректердің болуы оқу сапасын жақсартудың негізі болып табылады. Осылайша, дүниежүзі елдері ұлттық білім беру стандарттарының негізінде жатқан мақсаттарға оқушылардың қаншалықты қол жеткізгенін бағалауға және олардың оқу бағдарламалары мен реформаларының білім беру жүйесін жетілдіруде қаншалықты тиімді екенін анықтауға ұмтылады. Бұл тәсіл білім беру саласында талдау және басқару шешімдерін қабылдау үшін дер кезінде ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Осы орайда, 2022 жылы Ы.Алтынсарин академиясы ұсынған «Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг нәтижелерін кешенді талдау» бойынша Қазақстанның әр облысында орта білім беру ұйымдарына аналитикалық есеп жасалынған болатын, оның ішінде жаратылыстану сауаттылығын тексеруде география пәні бойынша анализ қорытындысы 1-ші кестеде берілген [14].

Кесте 1 – 9-сыныптардың орташа MODO балы / тестілеу бағыты
«Жаратылыстану сауаттылығы» / «География» пәні

№/аймақ	Жалпы GPA	Оның ішінде оқу тілі бойынша	
		Қазақ тілінде	Орыс тілінде
1. Ақмола	5,18	5	5,39
2. Адматы	4,88	4,88	4,87
3. Ақтөбе	5,61	5,82	4,87
4. Атырау	4,37	4,43	4,05
5. Батыс Қазақстан	4,75	4,88	4,52
6. Маңғыстау	5,82	5,86	5,54
7. Шығыс Қазақстан	5,79	5,9	5,61
8. Жамбыл	5,22	5,25	5,12
9. Қарағанды	4,32	4,26	4,37
10. Қызылорда	5,54	5,58	4,96
11. Түркістан	4,88	4,92	4,42
12. Қостанай	5,21	5,6	5,06
13. Павлодар	4,92	4,83	5
14. Солтүстік Қазақстан	5,25	5,47	5,17
15. Астана қаласы	4,64	4,74	4,51
16. Алматы қаласы	5,64	5,75	5,54
17. Шымкент қаласы	4,71	4,81	4,36
Барлығы, орташа	5,08	5,15	4,94

Қазақстанның әр өңіріндегі аналитикалық есеп бойынша біз жаратылыстану бағытының білім деңгейінің әлі де орта көрсеткішті көрсетіп отырғанына куә болдық. Десекте, елімізде оқу сапасын көтеруде атқарылып жатқан жұмыстарда нәтиже бар, әрине, барлығы бірден өзгеріп кетпесі анық, алайда жасалынып жатқан жұмыс бірте-бірте өсу арқылы, алдағы уақытта білім деңгейін көтеруде жоғары нәтиже жетеріміз анық [15].

Қорытынды. Жалпы алғанда, оқыту әдістемелерінің туралы анықтамалық және әдістемелік құралдар да көп жарыққа шыққан өте көп. Әрбір ғалым әдістемелерінің бір немесе басқа жағына тоқталып, өзіндік тұжырымдамасын беретіні анық. Яғни анықтамаларды салыстыру олардың бір-біріне қайшы келмейтінін, керісінше бірін-бірі толықтыратынын көрсетеді. Мен мұнымен толығымен келісемін. Сондықтан оқыту әдістемелерінің барлық берілген анықтамаларын біліп, оны оқытуда қолдану алға тартылады.

Қазіргі уақытта әртүрлі авторлар оқыту әдістемелерін жіктеу үшін әртүрлі негіздерді пайдаланады. Бір немесе бірнеше сипаттамаларға негізделген көптеген классификациялар ұсынылып жатыр. Авторлардың әрқайсысы өздерінің жіктеу моделін негіздеу үшін дәлелдер келтіреді. Әрбір мұғалімнің өзінің сүйікті әдістері мен әдістемелері бар, бірақ олар зерттелген нәрсенің мазмұнының ерекшеліктерін, оқушылар мен студенттердің мүмкіндіктерін және оларды пайдалануға уақыттың болуын ең жақсы ескере отырып таңдалады. Бұдан шығатын қорытынды: оқу жұмысы жүйесінде жоғарыда қарастырылған білімді тексеру мен бағалаудың барлық әдістемелері оқушылардың оқу үлгерімінің сапасын бақылаудың қажетті жүйелілігі мен тереңдігін қамтамасыз ету үшін қолданылуы керек.

Пайданылган әдебиеттер тізімі:

1. Калелова Г.Ж., Абдиманаров Б.Ш. «Жаратылыстану» пәнін табиғаттағы себеп-салдармен байланыстыра оқытудың тиімділігі // Ясауи университетінің хабаршысы – 2022. – Т. 4. – №. 126. – С. 235-246.
2. Laiskhanov Sh., Kokteubay Z., Aliaskarov D. Applied issues of implementing GIS technologies in school geography //Pedagogy and Psychology. – 2022. – Т. 50. – №. 1. – С. 153-160.
3. Ромашова Т.В. Введение в экономическую и социальную географию. Курс лекций /Ассоциация образовательных и научных учреждений «Сибирский открытый университет». - Москва: Кнорус. – 2006.
4. Youde Wu, Huasong Luo, Yujun Pan & Xiangyang Lei. Development of Geography in higher education in China: departments, curricula, and faculty, 1904–1949. *Jun sunorcid icon*, pages 255-279 | received 15 may 2018, accepted 13 apr 2019, published online: 24 apr 2019
5. Замятин Д.Н. Гуманитарная география: предмет изучения и основные направления развития //Общественные науки и современность. – 2010. – №. 4. – С. 126-138.
6. Іскендірова А., Кастер С. Мектеп географиясында “Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі” тақырыбын оқытудың әдістері // Абай атындағы ҚазҰПУ жаршысы. «Жаратылыстану-географиялық ғылымдар» сериясы. – 2023. – Т. 2. – №. 76. – 32-40 б.
7. Берденов Ж.Г., Жакупов А.А., Джаналеева Г.М. Перспективы развития современной географии в Республике Казахстан // Педагогический опыт: теория, методика, практика. – 2014. – №. 1. – С. 11-13.
8. Сухоруков В.Д., Суслов В.Г. Проблема развития человека и географическое образование // География в школе – 2014. – №. 3. – С. 47-51
9. И.В. Белевич. Географияны оқыту методикасы. Практикалық жұмыстар. Под ред. Алматы: Мектеп. - 1976 ж. Жарияланған -2016-02-01. <https://www.uniface.kz/index.php?post=article§ion=3&id=660>
10. Лобжанидзе А.А. Географическое образование как основа глобального взаимопонимания в современном мире //Географическая среда и живые системы. – 2020. – №. 2. – С. 9-17.
11. Шимлина И.В., Созинова Е.К., Зимина Л.В. Средства обучения как важнейший компонент методического инструментария учителя географии // География: развитие науки и образования. – 2022. – С. 309-316.
12. Панчешникова Л.М., Душина И.В., Таможняя Е.А. Научная школа методики преподавания географии в образовательных организациях и в системе подготовки учителя // Научные школы Московского педагогического государственного университета. – 2023. – С. 122-128.
13. М.А. Тыныбаева, С.К. Жумажанова, Г.А. Ногайбаева, Г.Ж. Убайдуллаева, М.О. Мұсабаева, С.Н. Кожасметова, Е.Р. Амангосов, Г.Д. Тажобаева. Аналитический отчет «Комплексный анализ результатов мониторинга образовательных достижений обучающихся организаций среднего образования», Астана, Национальная академия образования имени Ы. Алтынсарина, 2022 год – 296 стр.
14. Haigh M., Cotton D., Hall T. Pedagogic research in Geography higher education //Journal of Geography in Higher Education. – 2015. – Т. 39. – №. 3. – С. 299-312.
15. Есемуратова Г.А. Методы обучения //Экономика и социум. – 2021. – №. 1-1 (80). – С. 560-563.

References:

1. Kalelova G.J., Abdimanapov B.Sh. «Jaratylystanu» panin tabigattagy sebep-saldarmen bailanystyra okytudyn tiimdiligi // Yasau universitetinin habarshysy – 2022. – Т. 4. – №. 126. – С. 235-246.

2. Laiskhanov Sh., Kokteubay Z., Aliaskarov D. Applied issues of implementing GIS technologies in school geography //Pedagogy and Psychology. – 2022. – Т. 50. – №. 1. – S. 153-160.
3. Romashova T.V. Vvedenie v ekonomicheskuyu i sotsialnyuyu geografiyu. Kurs lektsii /Assotsiatsiya obrazovatelnyh i nauchnyh uchreждений «Sibirskii otkrytyi universitet». - Moskva: Knorus. – 2006.
4. Youde Wu, Huasong Luo, Yujun Pan & Xiangyang Lei. Development of Geography in higher education in China: departments, curricula, and faculty, 1904–1949. Jun sunorcid icon, pages 255-279 | received 15 may 2018, accepted 13 apr 2019, published online: 24 apr 2019
5. Zamyatin D.N. Gumanitarnaya geografiya: predmet izucheniya i osnovnye napravleniya razvitiya //Obshchestvennye nauki i sovremennost. – 2010. – №. 4. – S. 126-138.
6. Iskendirova A., Kaster S. Mektep geografiyasynnda “Kazaqstannyn basekege kabilettiligi” takyrybyn okytudyn adisteri // Abai atyndagy KazUPU jarshysy. «Jaratylystanu-geografiyalik gylymdar» seriyasy. – 2023. – Т. 2. – №. 76. – 32-40 b.
7. Berdenov J.G., Jakupov A.A., Djanaleeva G.M. Perspektivy razvitiya sovremennoi geografii v Respublike Kazakhstan // Pedagogicheskii opyt: teoriya, metodika, praktika. – 2014. – №. 1. – S. 11-13.
8. Suhorukov V.D., Suslov V.G. Problema razvitiya cheloveka i geograficheskoe obrazovanie // Geografiya v shkole – 2014. – №. 3. – S. 47-51
9. Í.V. Belevich. Geografiyani okytu metodikasy. Praktikalik jumystar. Pod red. Almaty: Mektep. - 1976 j. Jariyalangan -2016-02-01. <https://www.uniface.kz/index.php?post=article§ion=3&id=660>
10. Lobjanidze A.A. Geograficheskoe obrazovanie kak osnova globalnogo vzaimoponimaniya v sovremennom mire //Geograficheskaya sreda i jivye sistemy. – 2020. – №. 2. – S. 9-17.
11. Shimlina Í.V., Sozinova E.K., Zimina L.V. Sredstva obucheniya kak vajneischii komponent metodicheskogo instrumentariya uchitelya geografii // Geografiya: razvitie nauki i obrazovaniya. – 2022. – S. 309-316.
12. Pancheschnikova L.M., Dušina Í.V., Tamojnyaya E.A. Nauchnaya schkola metodiki prepodavaniya geografii v obrazovatelnyh organizatsiyah i v sisteme podgotovki uchitelya // Nauchnye shkoly Moskovskogo pedagogicheskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2023. – S. 122-128.
13. M.A. Tynybaeva, S.K. Jumajanova, G.A. Nogaibaeva, G.J. Ubaidullaeva, M.O. Musabaeva, S.N. Kojahmetova, E.R. Amangosov, G.D. Tajibaeva. Analiticheskii otchet «Kompleksnyi analiz rezultatov monitoringa obrazovatelnyh dostizhenii obuchayushihysya organizatsii srednego obrazovaniya», Astana, Natsionalnaya akademiya obrazovaniya imeni Y. Altynsarina, 2022 god – 296 str.
14. Haigh M., Cotton D., Hall T. Pedagogic research in Geography higher education //Journal of Geography in Higher Education. – 2015. – Т. 39. – №. 3. – S. 299-312.
15. Esemuratova G.A. Metody obucheniya //Ekonomika i sotsium. – 2021. – №. 1-1 (80). – S. 560-563.